

Ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сорттық және себу (отырғызу) сапасы туралы мәліметтерді қамтитын құжаттардың тізбесінде көрсетілген, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының айналысы кезінде өзара таныған құжаттардағы ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық және себу (отырғызу) сапасы туралы мәліметтердің құрамын бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 25 қазандағы № 153 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 95-бабының 7-тармағының 13) тармақшасына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2021 жылғы 21 мамырдағы № 7 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттарын сынау және тұқым шаруашылығы саласындағы заңнамасын біріздендіруге бағытталған шаралар тізбесінің 4-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сорттық және себу (отырғызу) сапасы туралы мәліметтерді қамтитын құжаттардың тізбесінде көрсетілген, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының айналысы кезінде өзара таныған құжаттардағы ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық және себу (отырғызу) сапасы туралы мәліметтердің құрамы бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 25 қазандағы
№ 153 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сорттық және себу (отырғызу) сапасы туралы мәліметтерді қамтитын құжаттардың тізбесінде көрсетілген, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының айналысы кезінде өзара таныған құжаттардағы ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық және себу (отырғызу) сапасы туралы мәліметтердің ҚҰРАМЫ

I. Тізбенің* II бөлімінде көрсетілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарын себу (отырғызу) сапалары туралы құжаттарда (бұдан әрі – себу (отырғызу) сапасы туралы құжат) қамтылған мәліметтердің құрамы

1. Заңды тұлғаның атауы немесе кәсіпкер ретінде тіркелген, өтініш берушіге (өндірушіге, тұқым сатушыға (сатушы) немесе өзге тұлғаға) себу (отырғызу) сапасы туралы құжатты берген жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі – өтініш беруші).

2. Себу (отырғызу) сапалары туралы құжаттың атауы.

3. Себу (отырғызу) сапалары туралы құжаттың тіркеу нөмірі мен тіркелген күні.

4. Себу (отырғызу) сапалары туралы құжаттың қолданылу мерзімі.

5. Өтініш беруші туралы мәлімет:

5.1. заңды тұлғаның атауы немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

5.2. заңды тұлғаның орналасқан жері және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) салық төлеушісі ретіндегі сәйкестендіру нөмірі немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның тұрғылықты (тұрғылықты жері) жері бойынша тіркелген мекенжайы;

5.3. байланыс деректері (телефон нөмірі, электрондық почта мекенжайы).

6. Ауыл шаруашылығы өсімдігі тұқымының партиясы туралы мәліметтер:

6.1. ауыл шаруашылығы өсімдігінің атауы, ЭӨЖРС, ЕАЭО СЭҚ ТН коды;

6.2. сорттың, сорттау-телітуші комбинациясының атауы, сорттың коды (тіркеу нөмірі);

6.3. тұқымның шығарылған елінің атауы;

6.4. бірегей, суперэлиталық және элиталық тұқымдардың шығарылған жері (шығарылған елі, өндірушінің тұқымды алған күні, санаты (өну кезеңі, ұрпағы)) туралы мәліметтер

6.5. тұқымдардың санаты (ұрықтануы, көбею кезеңі, ұрығы), тұқымдардың фракциясы**, класы**, тауарлық сорты**;

6.6. тұқымдар партиясының нөмірі;

6.7. тұқымның алынған жылы (ауыл шаруашылығы өсімдігінің тұқымдық жасы);

6.8. тұқым өсіру әдісі (ашық, жабық топырақ, тікелей және т.б.)**;

6.9. тұқымдар партиясының салмағы (мөлшері) және (немесе) орындардың саны (егіс бірліктеріне жеткізілетін тұқымдар үшін егіс бірлігіндегі массасы (г, кг) немесе тұқымдар (дана) саны қосымша көрсетіледі);

6.10. талдауға (сынауға) ұсынылған орташа тұқым сынамасын іріктеу күні және актінің нөмірі;

6.11. тұқымның мақсаты (тұқымдық, жемдік немесе коммерциялық мақсатта себу);

6.12. тұқымның сапасы (тұқым сапасының мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық актісінің немесе халықаралық немесе өңірлік (мемлекетаралық) стандарттың, ал олар болмаған жағдайда ұлттық (мемлекеттік) стандарттың не тұқымдар партиясының себу (отырғызу) сапасы сәйкес болуы тиіс талаптарды қамтитын және көрсеткіштерді белгілейтін өзге құжаттың (шарттың, келісімшарттың) талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер).

7. Тұқымдарды талдау (сынау) нәтижесі туралы мәліметтер: (пияз жиынтықтарынан, пияздан, сарымсақ тұқымынан, шитті мақтадан, картоп тұқымынан, жеміс-жидек, жидек дақылдары мен жүзімге арналған отырғызу материалдарынан басқа):

7.1. тұқымның тазалығы (негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдық құрамы) (пайыздар), оның ішінде:

жаншылған (қабығы ашылып қалған)**;

жасымық тұқымдарындағы жалпақ тұқымды тұқымдар**;

асбұршақ тұқымындағы азықтық бұршақ тұқымы және азықтық бұршақ тұқымындағы асбұршақ тұқымы**;

тұқым тазалығының басқа нормаланған көрсеткіштері**;

7.2. барлық қалдықтар (пайыз), оның ішінде басым топтар** (пайыз);

7.3. басқа өсімдіктер тұқымдарының қоспасы (дана/кг немесе пайыз), оның ішінде:

7.3.1. арамшөптердің қоспасы, барлығы (дана/кг немесе пайыз), соның ішінде:

қара сұлы тұқымдары** (дана/кг);

аса зиянды арамшөптердің тұқымдары (азықтық шөптер үшін) (дана/кг);

жатаған бидайықты тұқымдар** (дана/кг);

кәдімгі қарамықша (себу) және дала шырмауығы тұқымдары** (дана/кг);

7.3.2. азықтық шөптердің басқа түрлері тұқымдарының қоспасы** (пайыз);

7.3.3. басқа өсімдік тұқымдарының қоспасы (дана/кг) немесе пайыз), оның ішінде сиыржоңышқаның басқа түрлерінің тұқымдары** (пайыз);

7.3.4. карантиндік өсімдіктердің тұқымдары*** (табылмады);

7.3.5. улы өсімдіктердің тұқымдары** (табылмады);

7.4. қаракүйелік түзілімдер** (пайыз);

7.5. қарамықтар** (пайыз);

7.6. бидай жұмырқұртының беріштері (табылмады);

7.7. өнгіштігі (пайыз), оның ішінде:

қатты тұқымдар** (пайыз);

7.7.1. өну қуаты** (пайыз);

7.8. өну жағдайлары (субстрат (төселімі), температура, жарық немесе қараңғылық, талдау жүргізудің ұзақтығы (сынақтар)) (күндер);

7.9. өміршеңдігі** (пайыз), өміршеңдігін анықтау әдісінің атауы;

7.10. ылғалдылығы (пайыз);

7.11. 1000 тұқымның массасы** (г);

7.12. ауруларға ұшырауы (пайыз);

7.13. тірі зиянкестер мен олардың дернәсілдерінің қаптап кетуі (дана/кг);

7.14. бөрі бұршақты алкалоидты дәндерінің құрамы ** (сынамадағы тұқымдар санына пайызбен (дана);

7.15. рапс глюкозинолаттарының массалық үлесі**, қышабас** (мкмоль/г немесе пайыз);

7.16. рапстың**, қышабастың** және қышаның** эруксіз сорттарындағы майдағы эрук қышқылының массалық үлесі (пайыз);

7.17. басым түрлердің ботаникалық құрамы:

басқа өсімдік дақылдарының тұқымдары (атауы);

арамшөп тұқымдары (атауы);

7.18. басқа көрсеткіштер.

8. Құжаттарда тек қызылша тұқымдары бойынша себу (отырғызу) сапалары бойынша көрсетілген мәліметтер:

8.1. сабақтары мен ұзындығы 1 см-ден асатын сабақты жемістер (дана/кг);

8.2. тегістігі (пайыз);

8.3. бір тұқымды (пайыз);

8.4. тамырластығы (пайыз);

8.5. себу бірлігіндегі тұқым саны** (дана).

9. Себу (отырғызу) сапасы туралы құжаттарда тек пияз жиынтықтары мен пияз үлгілері бойынша көрсетілген мәліметтер:

9.1. негізгі дақылдың баданалары (пайыз), оның ішінде:

1-топ (пайыз);

2-топ (пайыз);

3-топ (пайыз);

іріктеп алынғандар (пайыз);

стандартты емес (пайыз);

басқа топтардың баданалары (пайызбен);

9.2. қалдықтар мен қоспалардың құрамы, барлығы (пайыз), оның ішінде:

ауруға ұшыраған, зиянкестермен (пияз шыбынымен, пияз ұшқышы, сымқұрт, күздік және басқа кеміргіштер, темекі трипстері, кенелер) зақымдалған баданалар;

кепкен баданалар;

механикалық зақымдануы бар, өніп кеткен, қабығы ашылып қалған баданалар;

қоспалар (топырақ, қабыршықтар);

9.3. тірі кенелер мен сабақты жұмырқұрттардың болуы;

9.4. үсіп қалған және буланған баданалардың болуы.

10. Тек сарымсақ тұқымына арналған себу (отырғызу) сапасы туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтер:

10.1. тазалығы (пайыз);

10.2. көлденең диаметрі бойынша ең үлкен сарымсақ баданаларының мөлшері (мм):

10.2.1. күздік сарымсақ үшін:

сидам сабақтанатын нышандағы;

сидам сабақтанбайтын нышандағы;

10.2.2. жаздық сарымсақ үшін;

10.3. көлденең диаметрі (мм) бойынша үлкен бір тісті (севка) сарымсақ мөлшері;

10.4. көлденең диаметрі бойынша ең үлкен (мм) ұшпа баданақтардың (шамалардың) мөлшері (мм);

10.5. мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық актісінің немесе халықаралық немесе өңірлік (мемлекетаралық) стандарттың, ал олар болмаған жағдайда ұлттық (мемлекеттік) стандарттың талаптарына не тұқымдық сарымсақты себу (отырғызу) сапасы сәйкес келуге тиіс талаптарды қамтитын және көрсеткіштерді белгілейтін өзге құжаттың (шарттың, келісімшарттың) талаптарына сәйкес келмейтін баданалардың, біртістілердің, ұшпалы баданалардың болуы (негізгі ауыл шаруашылығы дақылының массасына пайызбен);

10.6. күзгі-қысқы кезеңдегі қалдықтар мен қоспалардың құрамы, жалпы (массасы бойынша пайызбен):

күздік нышандар үшін;

жаздық нышандар үшін, оның ішінде:

ауруға ұшыраған, кеуіп қалған, зиянкестермен зақымдалған ұшпалы баданалар, тістілер, бір тістілер және ұшпалы баданалар;

механикалық зақымдануға ұшыраған, қабығы ашылып қалған тісті, бір тісті және ұшпалы баданалар (күздік пішіндер үшін);

бір тісті және өніп кеткен ұшпалы баданалар (күздік нышандар үшін);

механикалық зақымдануы бар тістер (жаздық пішіндер үшін);

қоспалар (топырақ, қабыршықтар);

10.7. көктемгі кезеңдегі қалдықтар мен қоспалардың құрамы, барлығы (массаға пайыз есебімен), соның ішінде:

ауруға ұшыраған, кеуіп кеткен, зиянкестермен зақымдалған ұшпалы баданалар;

механикалық зақымдануға ұшыраған, жалаңашталып қалған тістер;

өніп кеткен баданалар;

қоспалар (топырақ, қабықшалар);

10.8. жалпы түбірінен түсіп кеткен сау тістердің болуы;

10.9. тірі кенелер мен сабақты жұмырқұрттардың болуы;

10.10. үсіп қалған және буланған баданалар мен бір тістілердің болуы.

11. Тек шитті мақта тұқымына арналған себу (отырғызу) сапасы туралы құжаттарда көрсетілетін мәліметтер:

11.1. тұқымның болуы:

механикалық зақымданған (пайыз);

талшық басқан (пайыз);

ластанған (пайыз);

қызғандығы бар (пайыз) (байқалды, байқалмады).

12. Тек картоп тұқымының себу (отырғызу) сапасы туралы құжаттарда көрсетілетін мәліметтер:

12.1. түйнектердің болуы:

12.1.1. басқа ботаникалық сорттардың болуы (біріктірілген сынаманың талданып отырған санына пайызбен);

12.1.2. аурулармен зақымданған, барлығы (пайыз), оның ішінде:

ылғалды шірікпен (қара сирақпен, дөңгелек шірікпен, фитофторозбен) (пайыз);

құрғақ шірікпен (фомозбен, фузариозбен, альтернариймен, антракнозбен**) (пайыз)

;

сабақты жұмырқұртпен (пайыз);

кәдімгі тазқотырмен (түйнек бетінің 1/3-тен астамының зақымдануы);

қырбақ тазқотырымен (түйнек бетінің 1/10-ден астамының зақымдануы) ** (пайыз);

қызыл шірікпен (түйнек бетінің 1/10-ден астамының зақымдануы (пайыз);

таттанған теңбілмен және жұмсағының қараюымен (түйнек бетінің 1/4-тен астамы зақымдануы) ** (дана, пайыз);

12.1.3. күміс тазқотырмен зақымдану салдарынан бүрісіп қалған түйнектер (түйнек бетінің 1/4-тен астамы зақымданған жағдайда) (дана, пайыз);

12.1.4. механикалық зақымданған (пайыз);

12.1.5. ауыл шаруашылығы зиянкестерімен зақымданған (пайыз);

12.1.6. "үсіп қалу" белгілері бар (пайыз);

12.1.7. үсікке ұшыраған (пайыз);

12.1.8. күйген (пайыз);

12.1.9. ұсқынсыз (пайыз);

12.1.10. өсінділері және жеңіл сынатын сабақтары бар (пайыз);

12.1.11. жаншылған және кесілген (пайыз);

12.1.12. қабығы сыдырылған (түйнек бетінің 1/4-тен астамының жалаңаштануы ** (пайыз);

12.2. түйнектердің мөлшері (мм), оның ішінде мөлшеріне қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін (пайыз);

12.3. топырақтың және басқа да қоспалардың болуы (пайыз);

12.4. аурулармен зақымданған өсімдіктердің немесе түйнектердің болуы (жасырын нысанда), жалпы (пайыз), оның ішінде:

вирустық аурулар** (ҮВК мозаикасының ауыр түрлері (картоптың Y вирусы), АВК (картоп А вирусы) және ВСЛК (картоп жапырағы вирусы);

бактериялық аурулар (қара сирақ, дөңгелек шірік).

13. Жеміс, жидек дақылдары мен жүзімнің отырғызу материалына ғана арналған себу (отырғызу) сапасы туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтер:

13.1. сыртқы түрі;

13.2. жер бетіндегі жүйесі:

13.2.1. жасы (жыл) (** кешіктірмей - жабық тамыр жүйесі бар көшеттер үшін);

13.2.2. жер бетіндегі бөлігінің биіктігі (см, кем емес);

13.2.3. ойықтың биіктігі (см);

13.2.4. өркеннің саны (бүйірлік немесе негізгі) (дана, кем емес);

13.2.5. өркеннің ұзындығы (кемінде.. см);

13.2.6. өркен негізінің диаметрі (кемінде ...мм);

13.2.7. ойықтың, діңшенің (діңше) қалыңдығы (диаметрі) (кемінде ...мм);

13.2.8. клондық тамыр сабағының тармақ бөлігінің ұзындығы (кемінде ...см.);

13.2.9. тораптар аралығының саны** (кемінде дана) (телітушілер үшін);

13.2.10. өркендерді алып тастағаннан болатын жаңа зақымданулар саны (кемінде .. дана);

13.2.11. жапырақтардың саны (кемінде ...дана,)(қалыпты дамыған**, жас**) (күлпынай көшеттері үшін);

13.2.12. бір түйнегінің диаметрі (күлпынай көшеттері үшін), өркен негізі (жүзім көшеттері үшін) (кемінде ... мм);

13.2.13. өркеннің піскен бөлігінің ұзындығы (см, кем емес) (жүзім көшеттері үшін);

13.2.14. жасыл өркеннің ұзындығы** (см) (жүзім көшеттері үшін);

13.2.15. каллустың болуы**;

13.2.16. тіндердің пісуі**;

13.2.17. өсімдіктердің физиологиялық жағдайы** (тұйық тамыр жүйесі үшін);

13.2.18. жапырақ аппаратының тамшы күйікпен зақымдануы** (тұйық тамыр жүйесі үшін);

13.2.19. бір өркендегі қалыптасқан көздердің саны (кемінде .. дана) (жүзім көшеттері үшін);

13.2.20. бүршіктердің жағдайы** (жеміс-жидек дақылдарының егілген тамыр сабақтары үшін);

13.2.21. телушінің телітушімен бірігіп өсуі** (жүзім көшеттері үшін);

13.2.22. телуші мен телітушінің камбиальды қабаттарының араласып кетуі** (жеміс-жидек дақылдары үшін);

13.3. тамыр жүйесі:

13.3.1. тамыр жүйесінің сипаты**;

13.3.2. тамыр жүйесінің түрі**;

13.3.3. тамырлардың саны (кемінде ...дана) (диаметрі 2 мм артық ** – жеміс-жидек дақылдарының тамырсабақтары үшін);

13.3.4. тамыр жүйесінің ұзындығы (кемінде....см);

- 13.3.5. тамыр түзілу аймағы** (жеміс дақылдарының тамырсабақтары үшін);
- 13.3.6. вегетативті жолмен көбейетін тамыр сабақтарындағы өскіндердегі ярустардың саны** (дана);
- 13.3.7. тамырдың қалыңдығы** (мм, кем емес) (жүзім көшеттері үшін);
- 13.3.8. тамыр бүршіктерінің саны (дана) (мүкжидек және сиыржидек көшеттері үшін);
- 13.3.9. тамыр мойнынан бүйірлік өркендердің түбіне дейінгі арақашықтық (кемінде ...см) (тамыр мойнына қатысты бүйір тармақтарының биіктігі**) (жеміс дақылдарының тамырсабақтары үшін);
- 13.3.10. топырақ үйіндісінің диаметрі мен биіктігі (кемінде ...см) немесе субстраттың көлемі** (кемінде ...см³) (тұйық тамыр жүйесі үшін);
- 13.4. рұқсат етілген мәндерден (пайыз, артық емес) ауытқуы бар көшеттердің (шағын көшеттер, көшеттер, шламдар, тамырлар) болуы;
- 13.5. тамыр өсіндісі өркендерінің және (немесе) тамырлардың болуы **;
- 13.6. кассеталық ұяшық көлемі** (кемінде ... см³) (қарықтан күтілетін құлпынай көшеттері үшін);
- 13.7. кассеталық ұяшық диаметрі** (кемінде ...см) (қарықтан күтілетін құлпынай көшеттері үшін);
- 13.8. мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық актісінің немесе халықаралық не өңірлік (мемлекетаралық) стандарттың, ал олар болмаған жағдайда ұлттық (мемлекеттік) стандарттың не отырғызу материалының себу (отырғызу) сапасы сәйкес келуге тиіс талаптарды қамтитын және көрсеткіштерді белгілейтін өзге құжаттың талаптарына сәйкес зиянды объектілердің болуы (болмауы);
- 13.8.1. зиянкестердің;
- 13.8.2. аурулардың;
- 13.8.3. карантиндік объектілердің***;
- 13.9. механикалық зақымданулардың және кез келген табиғи (абиотикалық) зақымданулардың болуы** (жер бетіндегі бөлігінде, түбір жүйесінде);
- 13.10. жемістердің, жидектердің, жаңғақ дақылдарының және жүзімнің сабақтары үшін:
- 13.10.1. жасы (жыл);
- 13.10.2. сабақтың ұзындығы (кемінде ... см);
- 13.10.3. сабақтың қалыңдығы (жоғарғы жиекте** - жүзім көшеттері үшін) (кемінде ... мм);
- 13.10.4. тірі көздерінің саны (кемінде ...дана);
- 13.11. діңгектің үстіңгі түйіннен жоғары биіктігі** (кемінде ...см);
- 13.12. төменгі түйіннің астындағы діңгек** (кемінде ... см);
- 13.13. сабақтың ылғалдылығы** (кемінде ..пайыз) (жүзім үшін);

13.14. тамырланған сабақтардың тамыр саны** (кемінде ...дана).

14. Тұқым үлгісіне талдауды (сынауды) жүргізген заңды тұлғаның атауы немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның негізінде құжатқа талдаудың (сынақтардың) нәтижесі туралы ақпарат енгізілген жұмыс карточкасының нөмірі, талдау (сынақтар) хаттамасының нөмірі, талдаудың (сынақтардың) аяқталған күні.

15. Уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы, заңды тұлғаның мөрі немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелген, тұқымдар партиясының себу (отырғызу) қасиеттері туралы құжатты берген жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

II. Тізбенің* III бөлімінде көрсетілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сорттық және себу (отырғызу) сапалары туралы құжаттардағы (бұдан әрі – сорттық және себу (отырғызу) сапалары туралы құжат) мәліметтердің құрамы

1. Сорттық және себу (отырғызу) сапасы туралы құжатты өтініш берушіге (тұқымды өндірушіге, сатушыға (сатушы) немесе басқа тұлғаға) берген заңды тұлғаның атауы немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

2. Сорттық және себу (отырғызу) сапалары туралы құжаттың атауы.

3. Сорттық және себу (отырғызу) сапасы туралы құжаттың тіркеу нөмірі және тіркелген күні.

4. Сорттық және себу (отырғызу) сапалары туралы құжаттың қолданылу мерзімі.

5. Өтініш беруші туралы мәліметтер:

5.1. заңды тұлғаның атауы немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

5.2. заңды тұлғаның орналасқан жері және тұлғаны мүше мемлекеттің салық төлеушісі ретінде сәйкестендіретін нөмір немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның тұрғылықты жері (болатын жері) бойынша тіркелген мекенжайы;

5.3. байланыс деректері (телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы);

5.4. сатушының тұқым өндірушімен шарты туралы мәліметтер (шартты тіркеу (қол қою) нөмірі мен күні) (егер тұқым өндіруші сатушы (таратқыш) болмаса).

6. Ауыл шаруашылығы өсімдігі тұқымдарының партиялары туралы мәліметтер:

6.1. ауыл шаруашылығы тұқымдарының атауы, ЭОЖРС коды, ЕАЭО СЭҚ ТН коды;

6.2. сорттың, сорттау-телітуші комбинациясының атауы, сорттың коды (тіркеу нөмірі);

6.3. тұқым шығарылған елдің атауы;

6.4. бірегей, суперэлиталық және элиталық тұқымдардың шығарылған жері туралы мәліметтер (шығарылған елі, өндірушінің тұқымды алған күні, санаты (өну кезеңі, ұрпағы)

6.5. тұқымның санаты (көбеюі, өну кезеңі, ұрпак), фракциясы**, класс**, тауарлық сорт**;

6.6. тұқым партиясының нөмірі;

6.7. тұқымнан өнім алынған жыл (ауыл шаруашылығы өсімдігінің тұқымдық жасы);

6.8. тұқымдарды өсіру тәсілі (ашық, жабық топырақ, тікелей және т.б.)**;

6.9. тұқымдар партиясының массасы (мөлшері) және (немесе) орындар саны (себу бірліктеріне жеткізілетін тұқымдар үшін себу бірлігіндегі тұқымның салмағы (г, кг) немесе саны (дана) қосымша көрсетіледі);

6.10. талдауға (сынауға) ұсынылған орташа тұқым сынамасын іріктеу күні және актінің нөмірі;

6.11. тұқымның мақсаты (тұқымдық, жемдік немесе коммерциялық мақсатта себу);

6.12. тұқымның сапасы (тұқым сапасының мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық актісінің немесе халықаралық немесе өңірлік (мемлекетаралық) стандарттың, ал олар болмаған жағдайда ұлттық (мемлекеттік) стандарттың не сорттық және себу (отырғызу) сапаларына сәйкес келуге тиіс талаптарды қамтитын және көрсеткіштерді белгілейтін өзге құжаттың (шарт, келісімшарт) талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер);

6.13. тұқымдардың себу (отырғызу) сапасы туралы мәліметтерді қамтитын құжатты берген ұйымның атауы, оның нөмірі және берілген күні.

7. Тұқымның сорттық сапалары туралы мәліметтер:

7.1. тұқымның сорттық сапасы туралы ақпаратты қамтитын құжатты берген ұйымның атауы, оның атауы, нөмірі және берілген күні;

7.2. сорттық (тұқымдық) тазалығы (пайыз).

8. Тұқымдарды талдау (сынау) нәтижелері туралы мәліметтер (пияз жиынтықтарынан, іріктемелі пияздан, сарымсақ тұқымынан, шитті мақтадан, картоп тұқымынан, жеміс-жидек, жидек дақылдары мен жүзімге арналған отырғызу материалдарынан басқа):

8.1. тұқымның тазалығы (негізгі ауыл шаруашылығы дақылы тұқымының құрамы) (пайыз), оның ішінде:

жаншылған (қабығы ашылып қалған)**;

жасымық тұқымдарындағы жалпақ тұқымды сиыржоңышқа тұқымдары**;

асбұршақ тұқымындағы азықтық бұршақ тұқымы және азықтық бұршақ тұқымындағы асбұршақ тұқымы**;

тұқым тазалығының басқа нормаланған көрсеткіштері**;

8.2. қалдықтар (пайыз), оның ішінде басым топтар** (пайыз);

8.3. басқа өсімдіктер тұқымдарының қоспасы (дана/кг немесе пайыз), оның ішінде:

8.3.1. арамшөп тұқымдарының қоспасы, барлығы (дана/кг немесе пайыз), оның ішінде:

кара сұлы тұқымдары** (дана/кг);

- аса зиянды арамшөптердің тұқымдары (азықтық шөптер үшін) (дана/кг);
- жатаған бидайық тұқымы** (дана/кг);
- кәдімгі қармықша және дала шырмауығы тұқымдары** (дана/кг);
- 8.3.2. азықтық шөп түрлері басқа тұқымдарының қоспасы** (пайыз);
- 8.3.3. басқа өсімдіктер дақылдары тұқымдарының қоспасы (дана/кг немесе пайыз), оның ішінде сиыржоңышқа** басқа түрлерінің тұқымдары (пайыз);
- 8.3.4. карантиндік өсімдіктердің тұқымдары*** (табылмады);
- 8.3.5. улы өсімдіктердің тұқымдары** (табылмады);
- 8.4. қаракүйек құрылымдары** (пайыз);
- 8.5. қарамықтар** (пайыз);
- 8.6. бидай жұмыркұртының беріштері (табылмады);
- 8.7. өңгіштігі (пайыз), оның ішінде:
- қатты тұқымдар** (пайыз);
- 8.7.1. өну қуаты** (пайыз);
- 8.8. өну жағдайлары (субстрат (төселімі, температура, жарық немесе қараңғылық, талдау жүргізудің ұзақтығы (тесттер)) (күндер);
- 8.9. өміршендігі** (пайыз), өміршендікті анықтау әдісінің атауы;
- 8.10. ылғалдылығы (пайыз);
- 8.11. 1000 тұқымның салмағы** (г);
- 8.12. ауруға ұшырауы (пайыз);
- 8.13. тірі зиянкестер мен олардың дернәсілдерінің қаптап кетуі (дана/кг);
- 8.14. бөрі бұршақтың алкалоидтық дәндерінің құрамы ** (сынамадағы тұқымдар санына (дана);
- 8.15. рапс глюкозинолаттарының массалық үлесі**, қышабас** (мкмоль/г немесе пайыз);
- 8.16. рапс**, қышабас** және қыша** (пайыз) эруксіз сорттарындағы майдағы эрук қышқылының массалық үлесі (пайыз);
- 8.17. басым түрлердің ботаникалық құрамы:
- басқа өсімдік дақылдарының тұқымдары (атауы);
- арамшөп тұқымдары (атауы);
- 8.18. басқа көрсеткіштер.
9. Құжаттарда тек қызылша тұқымдарына арналған сорттық және себу (отырғызу) сапалары бойынша көрсетілген мәліметтер:
- 9.1. сабақтарының және 1 см-ден асатын сабақты жемістердің ұзындығы (дана/кг);
- 9.2 тегістігі (пайыз);
- 9.3. бір тұқымдылығы (пайыз);
- 9.4. тамырластығы (пайыз);
- 9.5. себу бірлігіндегі тұқым саны** (дана).

10. Пияз жиынтықтары мен пияз таңдамасы үшін сорттық және себу (отырғызу) сапалары туралы құжаттарда көрсетілетін мәліметтер:

10.1. негізгі дақылдың баданалары (пайыз), оның ішінде:

1-топ (пайыз);

2-топ (пайыз);

3-топ (пайыз);

үлгілер (пайыз);

стандартты емес (пайыз);

басқа топтардың баданалары (пайыз);

10.2. қалдықтар мен бөгде қоспалардың құрамы, барлығы (пайыз), оның ішінде:

ауруға ұшыраған, зиянкестермен зақымдалған баданалар (пияз шыбыны, ұшпалы пияз, сымқұрт, күздік және басқа кеміргіштер, темекі трипстері, кенелер);

кеуіп қалған баданалар;

механикалық зақымдануы бар, өніп кеткен, қабығы ашылып қалған түйнектер;

қоспалар (топырақ, қабыршықтар);

10.3. тірі кенелер мен сабақты жұмырқұрттардың болуы;

10.4. үсіп қалған және буланған баданалардың болуы.

11. Тек сарымсақ тұқымына арналған сорттық және себу (отырғызу) сапалары туралы құжаттарда көрсетілетін мәліметтер:

11.1. тазалығы (пайыз);

11.2. көлденең диаметрі бойынша ең үлкен сарымсақ баданаларының мөлшері (мм):

11.2.1. күздік сарымсақ үшін:

сидам сабақтанатын нышандағы;

сидам сабақтанбайтын нышандағы;

11.2.2. жаздық сарымсақ үшін;

11.3. көлденең диаметрі (мм) бойынша ең үлкен бір тісті (севка) сарымсақ мөлшері;

11.4. көлденең диаметрі бойынша ең үлкен сарымсақ баданаларының (шамалардың) мөлшері (мм);

11.5. өлшемдері мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық актісінің немесе халықаралық немесе өңірлік (мемлекетаралық) стандарттың, ал олар болмаған жағдайда ұлттық (мемлекеттік) стандарттың не тұқымдық сарымсақты себу (отырғызу) сапасы сәйкес келуге тиіс талаптарды қамтитын және көрсеткіштерді белгілейтін өзге құжаттың (шарттың, келісімшарттың) талаптарына сәйкес келмейтін баданалардың, бір тістілердің, ұшпалы баданалардың болуы (негізгі ауыл шаруашылығы дақылының массасына пайызбен);

11.6. күзгі-қысқы кезеңдегі қалдықтар мен қоспалардың құрамы, барлығы (массаға пайызбен):

күздік нышандар үшін;

жаздық нышандар үшін, оның ішінде:

ауруға ұшыраған, кеуіп қалған, зиянкестермен зақымдалған баданалар, тістер, бір тістілер және ұшпалы баданалар;

механикалық зақымдануы бар қабығы ашылып қалған, тістілер, бір тісті және ұшпалы баданалар (күздік нышандар үшін);

өніп кеткен тістер, бір тістілер және ұшпалы баданалар (күздік нышандар үшін);

механикалық зақымдануы бар тістер (жаздық нышандар үшін);

қоспалар (топырақ, қабықшалар);

11.7. көктемгі кезеңдегі қалдықтар мен қоспалардың құрамы, барлығы (массаға пайызбен), оның ішінде:

ауру, кеуіп қалған, зиянкестермен зақымдалған баданалар мен тістер;

механикалық зақымдануы бар, қабығы ашылып қалған тістер;

өніп кеткен баданалар;

қоспалар (топырақ, қабықшалар);

11.8. жалпы түбірінен түсіп кеткен сау тістердің болуы;

11.9. тірі кенелер мен сабақты жұмырқұрттардың болуы;

11.10. үсіп кеткен және буланған баданалар мен бір тістілердің болуы.

12. Құжаттарда тек мақта тұқымдарына арналған сорттық және себу (отырғызу) сапалары бойынша көрсетілетін мәліметтер:

12.1. мына тұқымдардың болуы:

механикалық зақымданған (пайыз);

қалдықты талшығы бар (пайыз);

бітеліп қалған (пайыз);

күйік шалған (пайыз) тұқымдардың болуы (байқалды, байқалмады).

13. Құжаттарда тек картоп тұқымдарына арналған сорттық және себу (отырғызу) сапалары бойынша көрсетілетін мәліметтер:

13.1. картоп екпелерінің сорттық тазалығы (пайыз);

13.2. түйнектердің болуы:

13.2.1. басқа ботаникалық сорттар (біріктірілген сынамадағы түйнектердің талданған санына пайызбен);

13.2.2. аурудан зардап шеккендер, барлығы(пайыз), оның ішінде:

дымқыл шірікпен (қара сирақ, дөңгелек шірік, фитофтороз) (пайыз);

құрғақ шірікпен (фомоз, фузариоз, альтернария, антракноз**) (пайыз);

сабақты жұмырқұртпен (пайыз);

кәдімгі тазқотырмен (торланған) (түйнек бетінің 1/3 бөлігінің зақымдануы) (пайыз);

қырбақ тазқотырмен (торланған) (түйнек бетінің 1/10 бөлігінің зақымдануы) (пайыз);

қызыл шірікпен (түйнек бетінің 1/8-ден 1/10-ке дейін зақымдануы);

таттанған теңбілмен және жұмсағының қараюымен (түйнек бетінің 1/4-тен астамы зақымдануы ** (... дана, ... пайыз);

13.2.3. күміс тазқотырымен зақымдануы салдарынан шірі бастаған түйнектер** (... дана, ...пайыз);

13.2.4. механикалық зақымданған (пайыз);

13.2.5. ауылшаруашылық зиянкестерімен зақымданған (пайыз);

13.2.6. "үсіп қалу" белгілерімен (пайыз);

13.2.7. үсік шалған (пайыз);

13.2.8. күйік шалған (пайыз);

13.2.9. ұсқынсыз (пайыз);

13.2.10. өсінділермен және оңай үзілетін сабақтарымен (пайыз);

13.2.11. жаншылған және кесілген (пайыз);

13.2.12. қабығы аршылған (түйнек бетінің 1/4 жалаңашталып қалған) ** (пайыз);

13.3. түйнектердің мөлшері (мм), оның ішінде мөлшері талаптарына сәйкес келмейтіндері (пайыз);

13.4. топырақтың және бөгде қоспалардың болуы (пайыз);

13.5. аурулардан зардап шеккен өсімдіктердің немесе түйнектердің болуы (жасырын түрде), барлығы (пайыз), оның ішінде:

вирустық аурулар** (ҮВК мозаикасының ауыр түрлері (картоптың Y вирусы), АВК (картоп А вирусы) және ВСЛК (картоп жапырағы вирусы);

бактериялық аурулар (қара сирақ, дөңгелек шірік).

14. Тек жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған себу (отырғызу) сапалары туралы құжаттарда көрсетілетін мәліметтер:

14.1. сыртқы түрі;

14.2. жер бетіндегі жүйесі:

14.2.1. жасы (жыл) (** жабық тамыр жүйесі бар көшеттер үшін - кешіктірмей);

14.2.2. жер бетіндегі бөлігінің биіктігі (кемінде ...см);

14.2.3. ойықтың биіктігі (см);

14.2.4. өркендер саны (бүйірлік немесе негізгі) (кемінде ..дана);

14.2.5. өркеннің ұзындығы (кемінде ...см);

14.2.6. өркен негізінің диаметрі (кемінде ...мм);

14.2.7. ойықтың, ұңғыманың (ұңғыманың) қалыңдығы (диаметрі) (кемінде ..мм);

14.2.8. клондық телітушінің бір бөлігінің ұзындығы (кемінде ... см);

14.2.9. торап арасының саны** (кемінде .. дана) (егілген телітушілер үшін);

14.2.10. өркендерді алып тастаудан алынған жаңа зақымданулар саны (...данадан көп емес);

14.2.11. жапырақтардың саны (кемінде ... дана) (қалыпты дамыған**, жас**) (құлпынай көшеттері үшін);

14.2.12. бір бөлігінің диаметрі (құлпынай көшеттері үшін), өркеннің негізі (жүзім көшеттері үшін) (кемінде ... мм);

14.2.13. өркеннің піскен бөлігінің ұзындығы (кемінде ...см) (жүзім көшеттері үшін);

14.2.14. жасыл өркеннің ұзындығы** (см) (жүзім көшеттері үшін);

14.2.15. каллустың болуы**;

14.2.16. тіндердің пісіп жетілуі**;

14.2.17. өсімдіктердің физиологиялық жағдайы** (тұйық тамыр жүйесі үшін);

14.2.18. жапырақ аппаратының тамшылап күймен зақымдануы** (тұйық тамыр жүйесі үшін);

14.2.19. бір өркендегі қалыптасқан көздердің саны (кемінде ...дана) (жүзім көшеттері үшін);

14.2.20. бүршіктердің жағдайы** (жеміс-жидек дақылдарының егілген тамыр сабақтары үшін);

14.2.21. телінушінің телітушімен бірігіп өсіп кетуі** (жүзім көшеттері үшін);

14.2.22. телінуші мен телітушінің камбиальды қабаттарының комбинациясы** (жеміс-жидек дақылдары үшін);

14.3. тамыр жүйесі:

14.3.1. тамыр жүйесінің сипаты**;

14.3.2. тамыр жүйесінің түрі**;

14.3.3. тамырлардың саны (кемінде ...дана) (диаметрі 2 мм артық ** – жеміс-жидек дақылдарының телітушілері үшін);

14.3.4. тамыр жүйесінің ұзындығы (кемінде ...см);

14.3.5. тамыр түзілу аймағы** (жеміс-жидек дақылдарының телітушілері үшін);

14.3.6. вегетативті жолмен көбейетін тамыр өскіндеріндегі ярустардың саны** (дана);

14.3.7. тамырдың қалыңдығы** (кемінде ... мм) (жүзім көшеттері үшін);

14.3.8. тамыр бүршіктерінің саны (дана) (мүкжидек және сиыржидек көшеттері үшін);

14.3.9. тамыр мойнынан бастап бүйірлік өркендердің түбіне дейінгі арақашықтық (кемінде ...см) (тамыр мойнына қатысты бүйір тармақтарының биіктігі**) (жеміс дақылдарының телітушілері үшін);

14.3.10. топырақ үйіндісінің диаметрі мен биіктігі (кемінде ...см) немесе субстраттың көлемі** (кемінде ...см³) (тұйық тамыр жүйесі үшін);

14.4. рұқсат етілген мәндерден (пайыздан аспайтын) ауытқуы бар көшеттердің (шағын көшеттер, көшеттер, шыбықтар, телітушілер) болуы;

14.5. тамыр өркендерінің және (немесе) тамырлардың болуы**;

14.6. кассеталық ұяшық көлемі** (кемінде ...см³) (күту қарығынан құлпынай көшеттері үшін);

14.7. кассеталық ұяшықтың диаметрі** (кемінде ... см) (күту қарығынан құлпынай көшеттері үшін);

14.8. мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық актісінің немесе халықаралық немесе өңірлік (мемлекетаралық) стандарттың, ал олар болмаған жағдайда ұлттық (мемлекеттік) стандарттың не отырғызу материалының сорттық және себу (отырғызу) сапаларына сәйкес келуге тиіс талаптарды қамтитын және көрсеткіштерді белгілейтін өзге құжаттың (шарт, келісімшарт) талаптарына сәйкес зиянды объектілердің болуы (болмауы);

14.8.1. зиянкестер;

14.8.2. аурулар;

14.8.3. карантиндік объектілер***;

14.9. механикалық зақымдану және кез келген басқа да табиғи (абиотикалық) зақымдану** (жер бетіндегі бөлігінде, тамыр жүйесінде);

14.10. жемістердің, жидектердің, жаңғақ дақылдарының, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің және жүзімнің шыбықтары үшін:

14.10.1. жасы (жыл);

14.10.2. шыбықтың ұзындығы (кемінде ...см);

14.10.3. шыбықтың қалыңдығы (жоғарғы кесіндіде** - жүзім көшеттері үшін) (кемінде ...мм);

14.10.4. тірі көздерінің саны (кемінде ...дана);

14.11. жоғары түйіндегі діңгекшенің биіктігі** (кемінде ... см);

14.12. төменгі түйіндегі діңгекше** (кемінде ..см);

14.13. діңгекшенің ылғалдылығы** (кемінде ...пайыз) (жүзім үшін);

14.14. тамырланған діңгекшелердің тамыр саны** (кемінде ..дана).

15. Тұқым сынамаcына талдау (сынақ) жүргізген заңды тұлғаның атауы немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның негізіндегі құжатқа талдаудың (сынақтардың) нәтижесі туралы ақпарат енгізілген жұмыс карточкасының нөмірі, талдау (сынақтар) хаттамасының нөмірі, талдаудың (сынақтардың) аяқталған күні.

15. Уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы, заңды тұлғаның мөрі немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелген, тұқымдар партиясының себу (отырғызу) сапалары туралы құжатты берген жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

* Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 31 қаңтардағы № 18 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын айналымға енгізу кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа

мүше мемлекеттер өзара мойындайтын ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сорттық және себу (отырғызу) сапасы туралы мәліметтерді қамтитын құжаттардың тізбесі.

**** Көрсеткіштер** осы көрсеткіштер нормаланатын тұқымдардың сорттық және себу (отырғызу) сапалары туралы ақпаратты қамтитын құжаттарда ғана көрсетіледі.

***** Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану туралы хаттаманың** (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 12 қосымша) ережелеріне сәйкес тұқымның әрбір партиясын фитосанитариялық сертификатпен бірге алып жүру қажеттілігін жоққа шығармайды.